

Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директоры 2000 жылғы 16 қазандағы N 690 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 қараша N 1311 тіркелді. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 89 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 89 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы Директоратының 2000 жылғы 16 қазандағы N 690 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1311 тіркелген) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н . . .

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а

Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе осындай лицензиясы қайтарып алынған ұйымдар клиенттерінің құқықтарын және заңмен не шартпен

қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабы 2-тармағының 3), 8) тармақшалары негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

1. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда Бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің әрекеттері туралы нұсқаулық бекітілсін (қ о с а б е р і л д і) .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшінен енгізілетіндігі белгіленсін.

3. Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы Қаулының көшірмесін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде:

1) жоғарыда аталған Нұсқаулықтың көшірмесін олардың клиенттері үшін қолайлы жерлерге орналастыруға (осындай ұйымдардың бас офистерінде және ф и л и а л д а р ы н д а) ;

2) жоғарыда аталған Нұсқаулықты акциялар ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізуді жүзеге асыратын және оларда осы ұйымдардың шоттары ашылған эмитенттердің назарына жеткізуге міндеттелсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті немесе бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті немесе бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін дербес жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына ж е т к і з с і н ;

3) осы Қаулының және жоғарыда аталған Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясы директорының
2000 жылғы 16 қазандағы N 690
қаулысымен бекітілді

**Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын
жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік
және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын
қолдану тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған
жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің
әрекеттері туралы
НҰСҚАУЛЫҚ**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "ұлттық комиссия", "ұлттық комиссиясының", "ұлттық комиссияның", "ұлттық комиссияға", "ұлттық комиссияны" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органының", "уәкілетті органға", "уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "тізілім ұстаушы", "тізілім ұстаушыларға", "тізілім ұстаушылардағы", "тізілім ұстаушылардың", "тізілім ұстаушыға" деген сөздер "тіркеуші", "тіркеушілерге", "тіркеушілердегі", "тіркеушілердің", "тіркеушіге" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес әзірленді және нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын (бұдан әрі "Лицензия" деп аталады) қолдану тоқтатыла тұрған не осындай лицензиясы қайтарылып алынған жағдайда қағаздар рыногы субъектілері әрекеттерінің тізбесін және орындау тәртібін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Нұсқаулықта қолданылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

- 1) "Брокер-дилер" - Лицензиясын қолдану тоқтатыла тұрған немесе Лицензиясы қайтарылып алынған ұйым;
- 2) тіркеуші - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін қалыптастыруды, сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы;
- 3) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен

қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) нақтылы ұстаушы - қолданылып жүрген лицензияны немесе бағалы қағаздар рыногында кастодиандық, депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны иеленген ұйым.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен.

2-тарау. БРОКЕР-ДИЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

2. Брокер-дилерге бұрын берілген Лицензия тоқтатыла тұрған немесе қайтарылып алынған жағдайда, ол уәкілетті органның Лицензияны тоқтата тұру немесе қайтарып алу туралы жазбаша ескертпесін алған күннен бастап екі жұмыс күні (алған күнді қоса отырып) ішінде:

1) бұл туралы өзінің барлық клиенттеріне олардың әрқайсына жеке хабар жіберу және клиенттер үшін қолайлы орындарда (осы Брокер-дилердің бас офисінің және филиалдарының үйлерінде) тиісті хабарландыру орналастыру арқылы хабарлауға;

2) бұл туралы осы Брокер-дилердің нақтылы ұстау шоттары ашылған барлық нақтылы ұстаушыларға хабарлауға;

3) оған нақтылы ұстауға бағалы қағаздарын берген өзінің клиенттері (шоттар ашу және жүргізу үшін клиенттер берген мәліметтерге сәйкес) және мәліметтерді қалыптастыру күнінің басталу жағдайы бойынша оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтерді, сондай-ақ клиенттердің (клиенттердің уәкілетті өкілдерінің) қол қою және заңды тұлғалар - клиенттердің мөрлерінің таңбалары үлгілерінің көшірмелерін қалыптастыруға және уәкілетті органға беруге міндетті.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен.

3. Осы Нұсқаулықтың 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес клиенттерге жіберілген хабарда (осы Нұсқаулықтың 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес орналастырылған хабарландыруда):

1) Брокер-дилердің клиенттерге тиесілі және олар нақтылы ұстауға алған бағалы қағаздармен жасалатын кез келген операцияларды, осындай бағалы қағаздарды клиенттердің осы бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізетін тіркеушілердегі және қолданылып жүрген Лицензияларды иеленген ұйымдардағы шоттарына аудару жөніндегі операцияларды қоспағанда, жүзеге асыруға мүмкіндігі жоқ екендігі туралы көрсетілу;

2) клиенттердің бастамасы бойынша нақтылы ұстау жөніндегі шартты бұзу мүмкіндігі туралы (Лицензия қайтарылып алынған кезде - нақтылы ұстау жөніндегі шартты бұзу туралы) көрсетілу;

3) нақтылы ұстау жөніндегі шарт бұзылған кезде клиенттердің оларға тиесілі бағалы қағаздарды тікелей осы бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізетін тіркеушілердегі шоттарға немесе қолданылып жүрген Лицензияларды иеленген ұйымдардағы шоттарға аударуға, осындай аударымдарды орындау үшін қажетті рәсімдерді қысқаша көрсете отырып, құқылы (Лицензия қайтарылып алынған кезде - міндетті) екендіктері көрсетілу;

4) клиентке тиесілі бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізетін тіркеушілердің және қолданылып жүрген Лицензияларды иеленген ұйымдардың атаулары, орналасқан жері және телекоммуникациялық реквизиттері туралы мәліметтер болу керек.

4. Уәкілетті органның осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді қабылдауға уәкілеті қызметкерлері Брокер-дилердің клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздардың саны туралы мәліметтерді оған нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздардың жалпы санымен салыстырып тексеруге және айырмашылықтар анықталған кезде осы Брокер-дилерден жетіспейтін мәліметтерді талап ету арқылы оларды жедел жоюға міндетті.

5. Брокер-дилердің клиенттері және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы Брокер-дилердің осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес уәкілетті органға берген мәліметтер коммерциялық құпия мән-мағынасы болып табылады және уәкілетті орган оларды осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген жағдайларда ғана пайдалынады.

Уәкілетті органның аталған мәліметтерді қабылдауға, сақтауға және пайдалануға уәкілетті қызметкерлерінің тізбесі уәкілетті орган Төрағасының б ұ й р ы ғ ы м е н б е л г і л е н е д і .

Брокер-дилердің клиенттері және оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес алынған мәліметтерді жария еткендері үшін уәкілетті орган және оның қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген жауапкершілікте болады (осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда).

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

3-тарау. ТІРКЕУШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

6. Лицензияны қолдануды тоқтата тұру немесе қайтарып алу туралы уәкілетті органның жазбаша ескертпесін немесе Брокер-дилердің хабарын (қайсының бұрын алынғандығына байланысты) алған күн ішінде нақтылы ұстаушы осы Брокер-дилер үшін ашылған нақтылы ұстау шоты бойынша операцияларды, бағалы қағаздарды клиенттердің тікелей бағалы қағаздар ұстаушылардың

тізілімін жүргізетін тіркеушілердегі немесе нақтылы ұстаушылардағы шоттарына аудару жөніндегі операцияларды қоспағанда, тоқтата тұрады.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

4-тарау. БРОКЕР-ДИЛЕРДІҢ КЛИЕНТТЕРІНЕ ТИЕСІЛІ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ АУДАРУ

7. Брокер-дилердің клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздарды тікелей осы бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдерін жүргізетін тіркеушілердегі шоттарға аударуды бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотынан есептен шығарып тастауға шығарылған бұйрығының және Брокер-дилердің бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотына салуға шығарылған бұйрығының негізінде тіркеуші жүзеге асырады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

8. Брокер-дилердің клиенттеріне тиесілі бағалы қағаздарды қолданылып жүрген нақтылы ұстаушылардағы шоттарға аударуды Брокер-дилердің бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотынан шығарып тастауға шығарылған бұйрығының және нақтылы ұстаушының бағалы қағаздарды нақтылы ұстау шотына салуға шығарылған бұйрығының негізінде нақтылы ұстаушы жүзеге асырады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

9. Лицензия қайтарылып алынған жағдайда нақтылы ұстаушы осы Нұсқаулықтың 6-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген күннен бастап бір айдың ішінде Брокер-дилердің клиентінің оған тиесілі бағалы қағаздарға қатысты қандай да болмасын өкімін (клиенттің өзінің бұйрығын немесе клиент таңдаған нақтылы ұстаушының бұйрығын) алмаған кезде, нақтылы ұстаушы бұл жайында уәкілетті органды жазбаша ескертеді, уәкілетті орган осындай жазбаша ескертпені алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тіркеушіге осы клиент туралы және Брокер-дилердің осы клиенті туралы осы Нұсқаулықтың 2-тармағының 3) тармақшасына және 4-тармағына сәйкес берілген мәліметтер көлеміндегі оған тиесілі бағалы қағаздар туралы ақпарат, сондай-ақ клиент қолы (клиенттің уәкілетті өкілдері қолдарының) үлгісінің және клиент мөрінің (егер ол заңды тұлға болса) таңбасының көшірмесін береді (тіркеушінің уәкілетті өкіліне қ о л қ о й ғ ы з а о т ы р ы п) .

Аталған ақпаратты алысымен нақтылы ұстаушы үш жұмыс күні ішінде (алған күнді қоса отырып) осы клиентке уақытша шот ашуға, оған осы клиентке тиесілі

бағалы қағаздарды аударуға, оған тиісті жазбаша ескертпе (алынған ақпараттағы коммуникациялық реквизиттер бойынша) жіберуге және уәкілетті органға орындалған әрекеттер туралы есеп беруге міндетті. Уақытша шот әдеттегі шот режиміне клиент Қазақстан Республикасының заңдарымен және тіркеушіде шот ашуға арналған, тіркеушінің немесе нақтылы ұстаушының ішкі ережелерімен белгіленген құжаттарды ұсынғаннан кейін ауыстырылады.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 380 қаулысымен .

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК